

«Кішкентай бағбандар»

«Жасыл балабақша» жобасы аясында жаз мезгілінде тәрбиеленушілерді балабақша ауласындағы көкөніс бақшасын күтіп-баптау жұмыстарына жүйелі түрде қатыстыру арқылы олардың табиғатқа деген сүйіспеншілігі мен жанашырлық сезімін қалыптастыру. Балалардың өсімдіктердің өсуі мен дамуын бақылауына, топырақты қопсыту, суару, арамшөптерден тазарту, өсімдіктерді күтіп-баптау сияқты қарапайым еңбек әрекеттерін меңгеруіне жағдай жасау.

Сонымен қатар тәрбиеленушілерге еңбектің нәтижесін бағалауды, табиғи ресурстарды ұқыпты пайдалануды, қоршаған ортаны қорғауды, өсімдіктерге қамқорлық жасауды үйрету; еңбекқорлық, жауапкершілік, ұқыптылық, бірлесіп жұмыс жасау және өз еңбегінің нәтижесіне қуану дағдыларын дамыту. Балалардың экологиялық мәдениетін арттырып, табиғатты аялау, жасыл ортаны сақтау және оны көркейту – әр адамның ортақ міндеті екенін жас ерекшеліктеріне сай түсіндіру.

Балаларға өсімдіктердің тіршілігі, өсуі мен жетілуі туралы түсінік беріп, оларды уақытылы суару, топырағын қопсыту, арамшөптерден тазарту, өнімдерін бақылау сияқты қарапайым еңбек әрекеттерін орындауға үйрету.

Тәрбиеленушілердің еңбекке деген қызығушылығын арттырып, өз қолдарымен атқарған еңбектің нәтижесін көруге мүмкіндік жасау арқылы еңбекқорлық, жауапкершілік, ұқыптылық, қамқорлық және бірлік қасиеттерін дамыту. Сонымен қатар табиғи байлықты бағалауға, қоршаған ортаны таза ұстауға, өсімдіктер мен тірі табиғатқа жанашырлықпен қарауға тәрбиелеу. Бақшадағы әрбір өсімдіктің өсуін бақылау арқылы балалардың танымдық белсенділігін арттырып, табиғатты қорғау мәдениетінің алғашқы дағдыларын қалыптастыру.